

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Тақырыбы: Тіс қат

уын толықтыратын

жартылай алмалы-салмалы пластиналы
протездер.

Дайындаудың зертханалық кезеңдері



Орындаған: Мергенбаев А.

Факультет: Стоматология

Курс: VI

Тобы: 604-2

Тексерген: Шаймарданов С.М

Жоспары:

- Жартылай алмалы-салмалы протезінің анықтамасымен;
 - Жартылай алмалы-салмалы протездердің элементтерімен;
 - Жартылай алмалы-салмалы протезді дайындаудың лабораториялық кезеңдерімен таныстыру.
-

- **Алмалы-салмалы тіс протезі** – дегеніміз, тіс қатарларының ақауларын алынбайтын көпіртәрізді протезбен қалпына келтіруге болмайтын кезде қолданылатын, пластмассадан немесе темірден жасалған пластинка тәрізді базисіне әртүрлі бекіту элементтері мен жасанды тістер бекітілетін тіс протезі.
-

Алмалы-салмалы тіс протездерінің құрылымын (конструкциясын) таңдау:

- тіс қатары ақауларының орны мен көлеміне;
 - сақталған тістер санына;
 - олардың қатты тіндері мен пародонт жағдайына;
 - анатомиялық ретенция (альвеолярлы өсінділері, үстіңгі жақ сүйек дөңестері, қатты таңдай күмбезі) элементтерінің сақталуына;
 - және тістем түріне байланысты болады.
-





Жартылай алмалы-салмалы протездің элементтері:

- протез негізі (протез базисі);
- протезді ұстап тұратын тетіктер;
- жасанды тістер.



Протез негізі

- Протез негізі (базис) - протезді бекітуге арналған тетіктер мен жасанды тістер бекітілетін, протез алаңының бедерін қайталайтын пластмассада немесе металдан жасалған пластинка.

- Қазіргі кезде протез базисі пластмассадан жасалып жүр, бірақ эпилепсия, бруксизм сияқты аурулар пластмассалы негіздің жиі сынуына және олардың аллергиялық, токсикалық әсерлерінің болуы, негізді металдан даярлауға мәжбүр етуде.

Протез шекаралары

● Жоғарғы жақ сүйекте протез негізінің

шекарасы тіссіз альвеолярлы өсіндінің ұрт пен ерін жағынан, олардың ерін тартпаларын айналып, өтпелі қатпар бойымен өтеді.

Протездің жақсы ұсталып тұруы үшін, жоғарғы жақ сүйек төмпешіктері міндетті түрде негізбен жабылады. Алдыңғы тістер аумағында протез шеті олардың мойындарының үстінен өтеді. Премолярлар мен молярлар аумағында шекара тіс экваторынан төмен орналасады.

● **Төменгі жақ сүйекте** протез шекарасы ұрт тартпаларын, ерін мен тіл үзеңгілерін айналып өтіп, тіссіз альвеолярлы өсіндінің аумағында өту қатпары бойымен өтеді. Алдыңғы табиғи тістер аумағында тістердің тіл төмпешіктерін жауып тұрады, ал бүйір тістер аумағында шекара тіс экваторынан біршама жоғары өтеді.

- Протез негізінің көлемі сақталған тістер санына, анатомиялық ретенциялардың айқындығына, шырышты қабаттың басымдылық дәрежесіне, бекіту тәсіліне және т.б. факторларға байланысты болады. Жақ сүйекте сақталған табиғи тістер саны неғұрылым аз болса, протез негізінің ауданы соғұрлым үлкен болады.

- Биік альвеолярлы өсінді, шығыңқы үстіңгі жақ сүйек төмпешіктері, қатты таңдайдың терең болуы протез негізін **кішірейтуге** мүмкіндік береді. Кламмерлер мен әртүрлі бекіту элементтерінің саны көбейген сайын, протез негізін **кішірейтуге** мүмкүндік туады.

**Пластмассадан жасалынған пластиналы
алмалы-салмалы протез - тісті
протездеудің ең арзан түрі. Мұндай протез
көбіне тістер жартылай жоқ кезінде
қолданылады.**



Жасанды тістер

- Жартылай алмалы-салмалы протездерде пластмассадан немесе фарфордан жасалған жасанды тістер пайдаланылады.
 - Пластмассалы тістер кең қолданыста. Сыртқы пішіні бойынша олар табиғи тістерге ұқсас, мықтылығы жеткілікті, протез негізінде жақсы тұрады, өйткені негізбен тістер біртекті материалдар.
 - Зауытта жасанды пластмассалы тістерді ыстық престоу әдісімен даярлайды.
-

Жасанды тістерге қойылатын жалпы талаптар:

- қажалуға қарсы мықты;
 - беріктігі жоғары;
 - ауыздағы сілекейге тұрақты;
 - құрамында улы заттар болмауы керек;
 - протез негізіне мықты бекітілуі керек;
 - тіс пішіні тамақтың механикалық шайналуын қамтамасыз етуі керек;
-




- тіс материалының көлемдік термиялық кеңеюі, негізгі материалдың термиялық кеңеюіне өте жақын болуы керек;
 - пішіні, түсі бойынша, табиғи тістерге сәйкес болуы керек;
 - тіс ақаусыз, оңай өңделетін болуы керек;
 - тістердің түстері ұзақ сақталуы керек.
-

Жартылай алмалы-салмалы пластиналық протезді дайындаудың клиникалық- лабораториялық кезеңдері.

Клиникалық кезеңдері	Лабораториялық кезеңдері
1. Пациентті тексеру, қарау, диагноз қою (алдын ала, ақырғы), өзара келісім жасау, протездің конструкциясын таңдау, протездеу жоспарын құру. Қалып алу.	1. Модель құю және жақ сүйектерінің орталық ара қатынасын анықтау үшін окклюзиялық валиктері бар балауызды негізді дайындау.
2. Жақ сүйектерінің орталық ара қатынасын анықтау; модельде протез негізінің шекараларын белгілеу; жасанды тістердің түсін анықтау.	2. Орталық ара қатынас жағдайында модельдерді окклюдаторға гипске отырғызу, (егер экзостоз немесе торус болса оларды оқшаулау керек), кламмерлерді немесе басқа бекітетін элементтерді дайындау; балауызды негізге жасанды тістерді орнату.
3. Протездің балауыздан жасалған конструкциясын ауыз қуысында сынап тексеріп көру.	3. Протездің негізін ақырғы рет мүсіндеу; протезді кюветаға гипске отырғызу; балауызды пластмассаға ауыстыру; протезді тегістеп жылтырату.
4. Протезді техникалық және клиникалық бағалау; протезді дезинфекциялау; шақтап, өлшеп, кигізіп көру және отырғызу. Протезді түзету; науқасқа протезді қолданудың әдіс тәсілдері жайында кеңес беру.	

1- лабораториялық кезең


- 1. Алынған қалыптан модель құю және жақ сүйектерінің орталық ара қатынасын анықтау үшін окклюдиялық валиктері бар балауызды негізді дайындау.




Тістем біліктері бар балауызды базисті алу кезендері

2- лабораториялық кезең

- Орталық ара қатынас жағдайында модельдерді окклюдаторға гипске отырғызу, (егер экзостоз немесе торус болса оларды оқшаулау керек), кламмерлерді немесе басқа бекітетін элементтерді дайындау; балауызды негізге жасанды тістерді орнату.




Тістерді бірден егеп отырғызу




Тістерді жасанды қызыл иекке қою

3- лабораториялық кезең


- Протездің негізін ақырғы рет мүсіндеу; протезді кюветаға гипске отырғызу; балауызды пластмассаға ауыстыру; протезді тегістеп жылтырату.



Тура әдісі



Кері әдісі



Аралас әдісі

● Кемшіліктері

- Жалпақ протез негізі тандайдың қатты және жұмсақ бөлімдерін жауып, тактильдік, дәмдік және температуралық сезімталдықтың төмендеуіне себеп болады.

- шырышты қабаттың өзін-өзін тазалауы бұзылады,
 - кей кездері құсу рефлексі пайда болуы мүмкін,
 - Көп уақыт пайдалануға шыдамайды.
-

- Әдебиеттер:
 - 1. Алтынбеков К.Д. Мирзабеков О,М. Нысанова Б.Ж. Тіс протездерін жасау технологиясы.
 - 2. Руззуддинов С.Р. Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы.

 - 3. Алимжанов С.Ж. Ортопедиялық конструкцияларды дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері.
 - 4. И.К. Луцкая Руководство по стоматологии. Ростов на Дону 2002. с.553
 - 5. Гаврилов Е.И., Щербаков А.С. «Ортопедическая стоматология», М., 1984. 304-309.
 - 6. Хватова В.А., Курляндский В.Ю. К вопросу этиологии и патогенеза неврологических симптомов при снижении "высоты прикуса".
 - 7. Каламқаров Х.А. "Ортопедическое лечение патологической стираемости твердых тканей зуба". М. 1984.
 - 8. Кульманбетов И.А. Влияние света гелий-неонового лазера на течение пародонтита и сахарного диабета в эксперименте. Диссертация канд.мед.наук. Алматы 1983.
 - 9. Гаврилов Е.Н. "Деформация зубных рядов" М. 1984 г.
 - 10. Погодин И.М., Пономарева В.А.Руководство для зубных техников. М.Мед.1994.
-